

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің табиғи монополистердің өнімдеріне бағалар мен тарифтердің жобаларын тапсырудың, қараудың және бекітудің тәртібі туралы нұсқаулыққа өзгертулер мен толықтырулар

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі 1997 жылғы 5 қыркүйек N 162 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 7 қазанды тіркелді. Тіркеу N 54. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеттің 1998.08.19. N 03-4 ОД бұйрығымен. ~V980644

2.2.п. екінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі Мемлекеттік комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі" деген сөздермен, үшінші абзацтағы "комитеттермен" деген сөз "басқармалармен" деген сөздермен алмастырылсын.

2.3.п. мынадай түзетуде берілсін:

"Бағалар жобасы Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Бағаларды реттеу жөніндегі комиссиясында (алқасында) қаралып, Министрлің бұйрығымен, территориялық басқармалардың бұйрығымен (қаулысымен) бекітіледі".

2.5.п. бірінші және үшінші абзацындағы "баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі" деген сөздер "бағаларды бекітуге өкілетті" деген сөздерге алмастырылсын.

2.6.п. екінші абзацындағы "Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі Мемлекеттік комитет" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі" деген сөздермен; үшінші абзацындағы "комитеттер" сөзі "басқармалар" сөзімен; төртінші абзацындағы "комитеттерінің" сөзі "басқармаларының" сөзімен алмастырылсын.

Төмендегі пункттер мынадай түзетуде берілсін:

2.5.п. "Бағалар мен тарифтерді бекітуге өкілетті органдар олардың деңгейіне өзгерістер енгізгенде туындастын тартысты жағдайлар бағалар мен тарифтердің жобасын ұсынған министрліктердің, ведомстволардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қатысуымен қаралады. Бір мезетте Өндірісшілер одағы, Тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі қоғам сияқты өнімді тұтынушылардың және басқа да мұдделі тұлғалардың қатысуымен көпшілікті тыңдаулар өткізіледі. Бағаларды бекітуге өкілетті органдар бағалар деңгейі жөнінде түпкілікті шешім

қ а б ы л д а й д ы . "

3.2.п., 5, 6, 7, 8 а б з а ц т а р :

"- өнім (қызмет) көлеміне және пайдаға (таза пайдаға) бағалардың өзгеруінің ықпалын есептеу (3-ші түрі);

- ұйымның өткен мерзімінің есептеушілік теңгермесі;

- пайданы (таза пайданы) жұмсау туралы есеп;

- өткен мерзім (тоқсан) ішіндегі қаржы-шаруашылық жүргізуіндегі нәтижелері және алдағы есепті тоқсанда күтілетін нәтижелер туралы есеп."

3.3.п. үшінші абзац: "- пайданы (таза пайданы) жұмсау туралы есеп."

4 . 1 . п . :

Бірінші абзац: "Баға жобаларын қарағанда Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі Ұлттық комиссиясы бекіткен Бухгалтерлік есеп стандарттарын және "Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі Мемлекеттік комитеті бекіткен шаруашылық жүргізуінің субъектілер табиғи монополистер өндіретін және сататын өнімдердің (жұмыстардың, қызметтердің) бағасын қалыптастырудың ерекше тәртібін б а с ш ы л ы қ қ а а л у қ а ж е т . "

Бесінші абзац: "еңбек ақысын төлеу шығынын есептеу, басқару тобы қызметкерлерінің қызмет окладының сомасы, оның еңбек ақысын төлеу жөніндегі ережеге сәйкестігі тексерілсін, жобаланып отырған еңбек ақысын төлеу шығыны өткен (есепті) мерзімде іс жүзінде қанша болғанымен және сала бойынша орташа жалақымен салыстырылсын";

Мынадай абзацпен толықтырылсын: "Өндіріс көлемі маусымдық толқулармен ерекшеленетін салаларда бағаларды бекіту барысында жылдық есеп көрсеткіштері қ а б ы л д а н а д ы . "

4.2.п.: "Пайда (таза пайда) деңгейін анықтау барысында занда

көрсетілген салық пен төлемдерді төлеуге, сол сияқты саланы (шаруашылық жүргізуінің субъектіні, дамытуға арналған қажетті сомалар есепке алынуы тиіс. Мұндайда пайданың (таза пайданың) іс жүзіндегі деңгейінің оның алдында бағалар мен тарифтердің бекітілуі кезіндегі деңгейінен алшақтау себептеріне және пайданың қандай бағыттарға жұмсалғанына назар аударған дұрыс."

Бірінші және екінші формалардың, үшінші қосымшаның тақырыбы келтірілген бірінші формаға, қосымшаларға сай өзгертілсін.

1-ші нысан

өнім дайындаушы бірлестік /кәсіпорын/, қала, телефон N

КАЛЬКУЛЯЦИЯ

өнімнің /қызметтің/ атауы

Қолдану бағасы, тенге _____

Бекітілу уақыты 199 ____ " ____ "

Калькуляция өлшемі _____

/тенгемен және тынымен/

Шығындар мен басқа	Алдыңғы	Есеп беріп Бағаны	
көрсеткіштер	кезеңде	отырған	есептеу
баптарының атауы	/тоқсанда/ тоқсандағы үшін		
	іс жүзінде жедел	жобаланатын	
	жұмсалғаны деректер	деректер	
1	2	3	4

A. Тікелей шығындар

I. Материалдық шығындар

1. Шикізат пен материалдар
2. Сатып алынатын бұйымдар
мен жартылай фабрикаттар
3. Қосалқы материалдар
4. Технологиялық мақсаттарға
арналған отын
5. Технологиялық мақсаттарға
арналған энергия

II. Еңбек ақысын төлеу шығындары

6. Өндірістегі жұмысшылардың
негізгі жалақысы, соның
ішінде қосымша ақылар
/ақшалай сыйлықтар/
7. Өндірістегі жұмысшылардың
қосымша жалақысы
8. Әлеуметтік сақтандыруға
арналған төлемдер
9. Жұмыспен қамтуға жәрдем.

- десу қорына төлемдер
- Б. Басқа өндірістік шығындар
10. Белгіленген шығыстар
(өнімді өндіруге тікелей
қатысты шығындар)
11. Нәтижеде өндірістің өзіндік
құны
- В. Маусымдық шығындар
12. Жалпы және әкімшілік
шығындар (өндірісті басқару
мен ұйымдастыруға байланысты
шығындар)
13. Жол қорына төлемдер
14. Өнімді сату (өткізу)
шығындары
15. Шығындар жиынтығы
- Г. Пайда
16. Пайда
17. Кәсіпорынның бағасы

Анықтама ретінде:

- өзіндік құнға шаққанда рентабельділік процент есебімен;
- заттай есептегендеге өнім /қызмет/ шыгару;
- белгілі бір өнімнің /қызметтің/ кәсіпорынның жалпы көлеміндегі үлес
салмағы.

Жоспарлау бөлімінің бастығы

Бас бухгалтер

Директор

1-ші нысанды толтыруға қосымша

Өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау заттай, еңбек және басқа
шығындарды қосымшалай отырып Бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес

жасалады. Салалық ерекшеліктер мен өнім өндіру және қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып 1-ші нысан мен оған қосымшалар бағаны бекітуші органдармен келісіле отырып өзгертіле алады.

Заттай, еңбек және басқа шығындарды кеңейтіп көрсету бағасы

белгіленуге тиіс өнімнің өзіндік құнын жобалық калькуляциялауға арналады.

Өнім (қызмет) бірнеше кәсіпорында өндірілген жағдайда өзіндік құнын калькуляциялау әр кәсіпорын бойынша жүргізіледі.

Жобаланған шығындар есепті (нормативті) деректерден ерекшеленген жағдайда түсіндірме хатта мұндай өзгерістерге неліктен жол берілгендейі көрсетіледі.

1-нысанға N 3 қосымشا

Қосымша шығындардың кеңейтілген кестесі

Кәсіпорын бойынша тұтас алғанда			
Шығын	Алдыңғы	Есеп беріліп	Бағаны есептеу
баптары	кезенде	отырған тоқсан.	үшін
	(тоқсанда)	дағы шұғыл	жобаланатын
	іс жүзінде	деректер	мәліметтер
	жұмсалғаны		
1	2	3	4

Қосымша шығындар

.....

.....

.....

.....

Барлығы:

Өнім бірлігіне есептеу үшін
алынған бөліп-тарату негізі

Қосымша шығындар бөліп-
таратуға процентпен

Жоспарлау бөлімінің бастығы
Бас бухгалтер

1-ші нысанға 4-ші қосымша

Шығын | Кәсіпорын бойынша тұтас алғанда

Алдыңғы	Есепті	Бағаны есептеу
кезенде	тоқсандары	үшін
	шұғыл	жобаланатын
іс жүзінде	деректер	деректер
жұмсалғаны		

Жалпы және әкімшілік
шығындар

.....
.....
.....
.....

Барлығы:
Өнім бірлігіне есептеу үшін
алынған бөліп-тарату негізі

Жалпы және әкімшілік шығындар
бөліп-таратуға процентпен

Жоспарлау бөлімінің бастығы
Бас бухгалтер

2-нысан

/министрлік, ведомство/

/кәсіпорын, үйым/

Өндіріске арналған шығыс сметасы
/мын тенге/

		Кәсіпорын бойынша тұтас алғанда		
Шығыс				
баптары *)	Алдыңғы Есеп беріліп Бағаны есептеу			
мен басқа кезеңде тоқсандағы үшін				
көрсеткіштердің (тоқсанда) жедел жобаланатын				
атауы іс жүзінде мәліметтер мәліметтер				
	жұмсалғаны			
1	2	3	4	

1. Шикізат пен материалдар
2. Отын
3. Энергия
4. Жалақы
5. Әлеуметтік сақтандыруға арналған төлемдер
6. Негізгі қорларды амортизациялау
7. Басқа шығындар **

Өндіріс шығындарының жиынтығы
Анықтама түрінде:

- қолданымдағы бағамен сатылған өнімнің құны
- пайда
- еңбек ақы қоры соның ішінде өндірістегі жұмысшыларға арналғаны
- жалпы саны, адам соның ішінде

өндірістегі жұмысшылардың саны
- негізгі өндіріс
қорларының құны
- рентабельділік
- өзіндік құнға шаққанда
өндіріс қорларының құнына шаққанда

Ескерту:

Баптардың атавы салалық ерекшеліктер ескеріліп
көрсетіледі;

Осы бапқа кіргізілген шығындардың толық кестесі
жасалады.

Жоспарлау бөлімінің бастығы
Бас бухгалтер
